

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Burns, A. 2003 Reading practices: From outside to inside the classroom. TESOL Journal 12 (3), 18-23
2. Баддели, А., Эйзенк, М. В., & Андерсон, М.С. (2010). Жад. Альянс
3. Harmer J. How to teach English. An introduction to the practice of English language teaching /J. Harmer// Edinburg: Gate Longman.-2000.-P.198.
4. Dorn L. J., and C. Soffos 2005. Teaching for deep comprehension: A reading workshop approach. Portland, ME: Stenhouse

УДК 371.225

<https://doi.org/10.53355/p4200-5103-0121-v>

### БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Чинарбаева К. Т., I курс магистранты

Ғылыми жетекші: Капенова А. А., қауымдастырылған профессор (доцент), п.ғ.к.,  
I. Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті, Талдықорған қаласы

E-mail: kamshat\_191094@mail.ru

Қазіргі таңда бұл тақырып қоғамның өзекті мәселелерінің біріне арналған, өйткені қарқынды дамып келе жатқан әлем педагогикалық кадрларды даярлауға сапалы жаңа талаптар қойып отыр. Маманнан жоғары кәсібилік пен құзыреттілік, ұтқырлық, кәсіби бейімделу қабілеті, өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыру талап етіледі. Қазақстандық педагогикалық білім беруді реформалаудың мақсаты оның тиімді және қарқынды жұмыс істеу механизмін құру болып табылады. Бұл мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігі сипатталып, негізгі қызметі жайлы айтылады. Бастауыш сынып мұғалімінің басқарушылық құзыреттілік деңгейлері көрсетіліп, осы ұғымның анықтамалары сараланып, мазмұны ашылады. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің компоненттеріне тоқталады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби құзыреттілікке баули отырып қазіргі таңдағы маңызға ие болып тұрған басқарушылық құзыреттілігінің қалыптастыру жолдары сөз етіледі.

**Тірек сөздер:** құзыреттілік, мұғалімнің басқарушылық құзыреттілігі, бастауыш сынып мұғалімінің басқарушылық құзыреттілік құрылымы, мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттері, мұғалімнің тұлғалық қасиеттері.

Сегодня этой теме посвящена одна из самых актуальных проблем общества, так как стремительно развивающийся мир предъявляет новые качественные требования к подготовке учителей. От специалиста требуется высокий профессионализм и компетентность, мобильность, способность к профессиональной адаптации, постоянное самосовершенствование. Целью реформирования казахстанского педагогического образования является создание механизма его эффективной и интенсивной работы. В данной статье описаны управленческие компетенции будущих учителей начальных классов и описаны их основные направления деятельности. Указаны уровни управленческой компетентности учителя начальных классов, проанализированы определения этого понятия и раскрыто содержание. Акцентируется внимание на компонентах профессиональной компетентности педагога. Будут рассмотрены пути формирования актуальных сегодня управленческих компетенций, привлекающих к профессиональной компетентности будущих учителей начальных классов.

**Ключевые слова:** компетентность, управленческая компетентность учителя, структура управленческой компетентности учителя начальных классов, важные профессиональные качества учителя, личностные качества учителя.

*Today, one of the most urgent problems of society is devoted to this topic, as the rapidly developing world makes new qualitative requirements for teacher training. A specialist is required to have high professionalism and competence, mobility, the ability to adapt professionally, and continuous self-improvement. The goal of reforming Kazakhstani teacher education is to create a mechanism for its effective and intensive work. This article describes the managerial competencies of future primary school teachers and describes their main areas of activity. The levels of managerial competence of a primary school teacher are indicated, the definitions of this concept are analyzed and the content is disclosed. The attention is focused on the components of the teacher's professional competence. The ways of forming managerial competencies that are relevant today, attracting future primary school teachers to the professional competence, will be considered.*

**Key words:** *competence, managerial competence of a teacher, structure of managerial competence of a primary school teacher, important professional qualities of a teacher, personal qualities of a teacher.*

Мектеп – келешекте ел мен жер басқарар, халқының мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетер қасиетті ұя. Осы орайда, мектептің тірегі мен жүрегі білімі мен білігі жоғары маман – мұғалім. Мұғалім ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу барысында кәсіби құзыреттіліктерге ие болуы маңызды. Білім берудің мақсаты ретінде 2015 жылғы тұжырымдамада «... терең білім мен кәсіби дағдылар негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» деп көрсетілген [1,3]. Бұл міндетті тек кәсіби білімі жетік, құзіретті, бәсекеге қабілетті ұстаздар ғана атқара алады. Мұғалім қаншалықты білімді болса, құзыреттілік аясына кең болмақ. Ресей ғалымы Н.Кузьминаның көзқарасы бойынша «Құзіреттілік – педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз болатын білімділігі мен абыройы». Демек, бүгінгі күннің мұғалімі өзіне қажетті кәсіби құзіреттіліктерге ие болуы керек. Мұғалімнің «кәсіби құзыреттілігі» түсінігінің қазіргі қолданылып жүрген анықтамаларын талдай отырып, келесідей ортақ белгілерді бөліп көрсетуге болады:

- теориялық білімнің, тәжірибелік дағдының және басқарушылық дағдының бірлігі;
- тәжірибеде немесе ғылыми қызметте жеткілікті жоғары деңгейде әлеуметтік-педагогикалық функцияларды орындауға ықпал ететін жеке тұлғаның қасиеттері [2,17].

Мектеп мұғалімінің кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың шарттары:

1. Әдістемелік құзыреттілік-оқудың әр түрлі әдістерімен қарулануы, дидактикалық әдістерді білуі, оларды оқу барысында білім мен дағдыны меңгерту барысында қолдана білуі;
2. Зерттеушілік құзыреттілік – оқыту мен тәрбиелеудің заңдылықтары, құрылымы туралы жаңа білімді жасау үшін педагогикалық құбылысты, актілерді оқып үйренудің ғылыми әдістерімен қарулану;
3. Басқарушылық құзыреттілік – өз қызметі мен оқушы қызметін басқару тәсілімен, әдісімен қарулану;
4. Ақпараттық құзыреттілік–қазіргі ақпараттық технологиямен қарулану, қажеттісін пайдалану;
5. Коммуникативтік құзыреттілік – өзінің кәсібилігін үздіксіз жетілдіру, жеке және қоғамдық өмірді дамыту [3,45].

Осы құзыреттіліктер ішіндегі басқарушылық құзыреттілік – болашақ бастауыш мұғалімдерінің бойында қалыптасуы үшін көптеген іскерлік пен дағдыны, білім мен білікті меңгеру қажет. Оқушының өмірдегі маңызды білім саласының бөлігі – бастауыш білімді құрайды. Дәл осы бастауыш мектепте білімнің негізі қалана бастайды. Басқарушылық құзыреттілігі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл оның қызметінің барлық құрамдас бөліктеріне (мақсаттарына, принциптеріне, технологияларына және т.б.) сәйкес оқушыларды тиімді басқаруды ұйымдастыру үшін қажетті ішкі ресурстарының жүйесі [4,78].

Басқарушылық құзыреттілігі, өз кезегінде, білім беруді басқару саласындағы теориялық және практикалық компоненттердің жиынтығы, атап айтқанда:

- заманауи педагогикалық технологияларды, оның ішінде басқарушылық технологияларды білу және қолдана білу;
- жоғары кәсіби деңгейде оқу пәндерін оқыту әдістемесін меңгеру;
- өзінің кәсіби іс-әрекетін, білім алушылардың іс-әрекетін жоспарлау, модельдеу, болжау және басқару қабілеті;
- оқу процесінде басқару функцияларын жүзеге асыру мүмкіндігі.

Бұл дағдылар мен білік мұғалімнің қызметінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан мұғалім басқарушылық құзыреттілігін дамыту жұмыстарын жетілдіру қажет[5,56].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігінің құрылымдық құрамдас бөліктері ашылды: функционалдық және тұлғалық. Функционалдық басқару құзыреті бастауыш сынып мұғалімі басқару функцияларын жүзеге асыру процесінде көрсететін нақты дағдыларды қамтиды. Басқару дағдылары мұғалімнің атқаратын басқарушылық функцияларына қарай ажыратылады: аналитикалық, мақсатты, болжамдық, ұйымдастырушылық және реттеушілік.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық басқарушылық құзыреттілігі жеке тұлғаның негізгі қасиеттері және оның табысты кәсіби қызметінің маңызды факторы болып табылатын басқарушылық қасиеттерінен тұрады: әлеуметтік интеллект, коммуникативті дағдылар, ұйымдастырушылық қабілеттер, ерік-жігер, субъективті бақылау деңгейі, жеке тұлғаның кәсіби бағдары.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру барысында білу керек:

- басқарушылық құзыреттілік педагог-менеджердің кәсіби қызметінің тиімділігін анықтау мәселесінде тірекке айналуы тиіс;
- басқару технологияларын жетік меңгеру және білім менеджментін білу қажет;
- мұғалім-менеджер ғана оқушылардың оқуы мен жалпы дамуының оң үрдісін қамтамасыз ете алады;
- мұғалімнің оқу-тәрбие процесін басқару технологияларын әзірлеуімен қатар білім беру ұйымын басқарудың жалпы жүйесінде өзгерістер хабардар болуы қажет;
- Оқушылардың білімін, іскерлігін және дағдысын анықтау, бақылау және бағалау[7,39].

Қорыта келе, болашақ мұғалімдердің теориялық және тәжірибелік кәсіби дайындығы барысында басқарушылық құзыреттілікті дамыту мәселесін зерттеу ерекше назар аударуды қажет етеді.

Біріншіден, басқарушылық құзыреттілік педагог-менеджердің кәсіби қызметінің тиімділігін анықтаудың құрамдас бөлігі болып табылады;

Екіншіден, мұғалімнің өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты мен міндетін анықтап, жаңартып отырады;

Үшіншіден, басқарушылық қызмет оқу процесінің барлық субъектілерінің мәселелерін есепке алуға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, менеджмент – білім беру ұйымын басқарудың жалпы жүйесінде жоспарлауға, болжауға, шешімдер қабылдауға және басқару қызметін көрсетуге мүмкіндік беретін корпоративтік құбылыс.

Бастауыш мұғалімнің басқарушылық құзыреттілікке ие болуы білімнің жоғарғы деңгейін қамтамасыз етуге, болжамды және диагностикалық мақсатқа жоспарланған мерзімде және алдын ала белгіленген ресурстық шығындармен қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Ал осы жаңа білім беру - жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол. Оқушының білім сапасына, олардың білімді игеруге деген қызығушылығы мен ынтасын ояту, оқушының білім алу барысындағы қызметін дұрыс ұйымдастыра басқару – әрбір басқарушылық құзыреттілікке ие бастауыш сынып мұғалімінің міндеті.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Егемен Қазақстан, 2010.
2. Галеева Н.Л. Бас мұғалім мен мұғалім оқу үдерісінің сапасын басқару субъектілері ретінде. [Электрондық ресурс]
3. Қоджаспирова Г.М. Педагогика. – М.: Юрайт, 2015. – 719 б.
4. Абдуллина, О.А. Студенттердің педагогикалық тәжірибесі: пед. студенттеріне арналған оқу құралы. ин-тов / О.А.Абдуллина. - 2-бас., қайта қаралған. және қосымша - М.: Білім, 1989. - 175 б.
5. Адольф, В.А. Қазіргі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі / В.А.Адольф. - Красноярск: РИО ҚМПУ, 1997. - 310 б.
6. Конаржевский Ю. А. Менеджмент и внутришкольное управление. – М.: Владос, -354 с.
7. Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. (монография). – Астана, 2001. – 275 б.

ӘОЖ 37.012

<https://doi.org/10.53355/w9914-4598-8417-f>

**БІЛІМГЕРЛЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕНІҢ  
АЛАТЫН ОРНЫ**

**Шакарим Н.Ш.,** п.ғ.к., оқытушы- дәріскері, **Бокенова Г.Ж.,** оқытушы  
II.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті. 2 №22 орта мектебі, Талдықорған қ.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе»

**М.О.Әуезов**

Ұсынылған мақалада болашақ ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық мектептеріміздің, колледждеріміздің, университеттеріміздің күн тәртібінде тұрған көкейкесті проблемаларды қозғауы мен құнды. Зерттеулер мен ой-толғандарда халқымыздың кәусар қайнары – салт-дәстүріміз, әдет-ғұрыптарымыз, ауыз әдебітіміз, имандылықпен адамгершілік қасиеттеріміз дәріптеліп, сол құндылықтарды жас мамандар бойына сіңіру жолдары қарастырылады.

**Тірек-сөздер:** білім тәрбие, мәдениет, отбасы, отан, еңбек, білім, жер, президент, рухани құндылық, адамгершілік, қасиет, эстетикалық, этикалық, философиялы, ұлттық рух, патриотизм.

Предлагаемая статья затрагивает актуальные проблемы, стоящие на повестке дня наших национальных школ, колледжей, университетов в воспитании будущих поколений. В исследованиях и размышлениях рассматриваются традиции, обычаи, устная литература, нравственные качества нашего народа и пути привития этих ценностей молодым специалистам.

**Ключевые слова:** образование воспитание, культура, семья, Родина, труд, образование, земля, президент, духовные ценности, нравственность, добродетель, эстетические, этические, философские, национальный дух, патриотизм.

The presented article is valuable and touches on topical issues of education of future generations, which are on the agenda of our domestic schools, colleges and universities. Research and reflection promote the origins of our people-our traditions, customs, oral traditions, morality and consider ways to instill these values to young professionals.

**Key words:** education, culture, family, Homeland, labor, education, land, president, spiritual value, morality, virtue, aesthetic, ethical, philosophical, national spirit, patriotism.